

**Астана қаласы Нотариаттық палатасының
Тәртіптік комиссиясының 2022 жылғы атқарған жұмысы туралы
есепі**

Астана қ.

31.12.2022 жыл

Астана қаласы Нотариаттық палатасының 2022 жылғы 2 қарашадағы № 17 Басқарма отырысының шешімін орындау үшін Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының 2022 жылы атқарылған жұмысы туралы осы есебі дайындалды.

«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының заңы (*бұдан әрі - Заң*) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 05 шілдедегі № 177-VI Қазақстан Республикасының Заңы негізінде 24-1-баппен толықтырылды.

15.03.2021 жылы Республикалық нотариаттық палатаның (*бұдан әрі - РНП*) № 2 Басқарма отырысының шешімімен «Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы және шағымдарды қарау тәртібі туралы» ережесі» бекітілді.

Нотариаттық палаталардың тәртіптік комиссиясы (*бұдан әрі - тәртіптік комиссия*) және аумақтық нотариаттық палата (*бұдан әрі - АНП*) мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, нотариустың Әдеп кодексінің, АНП Жарғысы талаптарын, АНП-ға мүшелік шарттарын бұзғаны туралы шағымдарды (*бұдан әрі-шағым*), сондай-ақ әділет органдары енгізген тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсынымдарды қарау тәртібі туралы ережені (*бұдан әрі - ұсыным*) Тәртіптік комиссия Заңның 24-1-бабына сәйкес әзірледі.

Осы Ережеде тәртіптік комиссияның қағидаттары, міндеттері, құзыреті, жұмысын қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібі, сондай-ақ тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы шағымдарды/ұсынымдарды қарау негіздері, мерзімдері мен рәсімдері айқындалған.

Астана қаласы Нотариаттық палатасының тәртіптік комиссиясы 2022 жылы мынадай құрамда жұмыс істеді:

1. Абельдинова Алия Сериковна
2. Батаев Русланбек Магомедович
3. Бегалина Раушан Амановна
4. Горбатенко Зоя Калуновна
5. Жугинисова Сауле Амангелдиевна
6. Келденев Рустем Келденович
7. Малахов Михаил Федорович
8. Мукашева Дина Аусаковна
9. Рыскулбекова Лейла Зейнелгабиттеновна
10. Таджикиева Асия Токановна
11. Жаскайрат Мира
12. Жарменова Жанна Кылышбековна

Заңның 24-бабының 1-тармағына сәйкес Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палата мүшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Нотариустың әдеп кодексінің, нотариаттық палата жарғысының талаптарын, нотариаттық палатаға мүшелік шарттарын бұзғаны туралы

жүгінімдерді, шағымдарды (бұдан әрі – шағым) қарау жөніндегі орган болып табылады.

Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының құрамына нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысында сайланатын, кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар кемінде төрт нотариус, сондай-ақ әділет органдары ұсынған жұртшылықтың үш өкілі енгізіледі.

Астана қаласының әділет департаменті жұртшылықтың үш өкілін ұсынды:

1. Жасқайрат Мира - Академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультеті, азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының профессоры, з.ғ.к.
2. Тоғанбаев Бақытжан Майқыұлы – отставкадағы судья.
3. Жарменова Жанна Кылышбековна – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Басқарма аппаратының бас менеджері.

2022 жылғы наурызда Б. М. Тоғанбаевтан, ал 2022 жылғы қазанда Ж.К.Жарменовадан оларды Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының құрамынан шығару туралы өтініштері келіп түсті.

Астана қаласы Нотариаттық палатасының тәртіптік комиссиясының төрағасы Батаев Русланбек Магомедович және Тәртіптік комиссия хатшысы Мукашева Дина Аусаковна.

Тәртіптік комиссия Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, АНП Жарғысын, нотариустың Әдеп кодексін және «Тәртіптік комиссия және шағымдарды қарау тәртібі туралы ережені басшылыққа ала отырып, 2019 жылғы қаңтардан бастап өз жұмысына кірісті.

Тәртіптік комиссияның қызметі тәртіптік іс жүргізудің барлық тараптарының құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу және қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтау қағидаттарына негізделеді.

Тәртіптік іс жүргізу материалдарын қарау кезінде тәртіптік комиссия объективтілік пен әділдікті басшылыққа алады. Комиссияның қызметіне араласуға жол берілмейді.

Заңның 24-бабының 2-тармағына сәйкес Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шағымдарды қарау кезінде шағымдарды жіберген адамдарды, сондай-ақ нотариаттық палатаның өздеріне қатысты шағым қаралатын мүшелерін өзінің отырыстарына шақыруға міндетті.

Әділет органдары тәртіптік іс жүргізуді қозғау туралы ұсыну енгізген жағдайда, оны қарау әділет органы өкілінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Шағымды қарау уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілген көрсетілген адамдардың келмеуі оны қарауға кедергі болмайды.

Заңның 24-бабының 3-тармағына сәйкес Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мынадай тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдауға құқылы:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;

4) нотариаттық палатадан шығару не лицензиарға нотариусты лицензиясынан айыру туралы талап қою арызын дайындау жөнінде өтінішхат бере отырып, нотариаттық палатадан шығару.

Осы баптың 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген шешімдер нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және көрсетілген орган оларды қабылдаған күннен бастап күшіне енеді. Осы баптың 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген шешімдер нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы мүшелерінің кемінде үштен екісінің даусымен қабылдануы мүмкін.

Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы нотариаттық палатаның мүшесіне қатысты тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде нотариаттық палата шешімнің көшірмесін нотариаттық палатаның мүшесіне, сондай-ақ ол бойынша шешім қабылданған шағымды жіберген адамға оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып жібереді.

Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдеріне Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясында немесе сотта дау айтылуы мүмкін.

Сондай-ақ, тәртіптік комиссия және шағымдарды қарау тәртібі туралы туралы ереженің 56-тармағына сәйкес жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына, оны жасаған нотариустың кінәсінің нысаны мен дәрежесіне сәйкес келуі керек. Тәртіптік жазаның түрін айқындау кезінде тәртіптік теріс қылықтың сипаты, оны жасаудың мән-жайы мен салдары, тәртіптік теріс қылық жасаған нотариустың жеке басы (тәжірибесі, наградалары, көтермелеулері, мемлекет алдында және нотариаттық қызметте ерекше сіңірген еңбегі, бұрын қолданылған тәртіптік жазалары), оның бұрынғы іс-қимылын қоса алғанда, сондай-ақ өзге де сипаттайтын деректер, нотариустың іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) заң көмегін көрсету қағидаттарының, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу деңгейі ескеріледі.

2022 жылы қаралған тәртіптік іс жүргізу

Астана қаласының Нотариаттық палатасына 212 шағым келіп түсті, оның ішінде 99 шағым бойынша тәртіптік іс жүргізу қозғалды, 112 шағым бойынша тәртіптік іс жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылданды.

Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясына 2022 жылы **81** тәртіптік іс, 2021 жылдан **19** тәртіптік іс келіп түсті, оның ішінде **84**-і қаралды, **81** - шешім қабылданды.

2022 жылы Астана қаласы Әділет департаментінің **49** нотариусты тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы 49 ұсыным келіп түсті (оның ішінде Д, Н, И, К, Т, М, Х, М, М, Б, Б, Р, И, К, Д, М, С, А, А, Б, Р, С, М, И, К, Д, М, Б, Б, Г, И, Ж, И, Т, М, Ж, К, Д, Х, М, С, Н, Ш, А, Д, Б), 2021 жылдан бастап Астана қаласы Әділет департаментінің **9** нотариусты тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы (оның ішінде О, К, И, М, Н, Т, С, Д, Т.) ұсынымының **2-еуі** қаралды.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Әділет департаментінің ұсынымы бойынша **58** тәртіптік іс қаралды және тәртіптік жазаға тартылды: ескерту

түрінде - **25**, сөгіс түрінде - **3**, қатаң сөгіс түрінде - **2**, тәртіптік іс жүргізу тоқтатылды - **13**, нотариусты лицензиядан айыруға байланысты тоқтатылды - **1**, жауапқа тарту мерзімдерінің өтуі салдарынан тоқтатылды – **1**, маңыздылығы төмен болғандықтан тоқтатылды – **4**, тәртіптік іс жүргізу тоқтатылды - **6**, қаралуда - **3**.

№	Нотариус аты-жөні	Түскен жылы	Қолданылған шара	Хаттама нөмірі және күні
1.	О	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
2.	К	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
3.	И	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
4.	М	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
5.	Н	2021	Ескерту	№ 1 08.02.2022
6.	Т	2021	Сөгіс	№ 1 08.02.2022
7.	С	2021	Ескерту	№ 1 08.02.2022
8.	Д	2021	Ескерту	№ 1 08.02.2022
9.	Т.	2021	Ескерту	№ 1 08.02.2022
10.	Д	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
11.	Н	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
12.	И	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
13.	К	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
14.	Т	2022	Лицензиядан айыруға байланысты ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
15.	М	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
16.	Х	2022	Ескерту	№ 6 17.06.2022
17.	М	2022	Ескерту	№ 3 30.03.2022
18.	М	2022	Ескерту	№ 3 30.03.2022
19.	Б	2022	Ескерту	№ 5 23.05.2022
20.	Б	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 6 17.06.2022
21.	Р	2022	Тоқтатыла тұрды	
22.	И	2022	Ескерту	№ 6 17.06.2022
23.	К	2022	Жауапкершілікке тарту мерзімдерінің өтуіне байланысты тоқтату	№ 10 17.10.2022
24.	Д	2022	Ескерту	№ 8 31.08.2022
25.	М	2022	Тоқтатыла тұрды	№ 7 28.07.2022
26.	Н	2022	Сөгіс	№ 7 28.07.2022
27.	Б	2022	Ескерту	
28.	Ә	2022	Маңыздылығы төмен болғандықтан тоқтатылды	№ 7 28.07.2022
29.	М	2022	Маңыздылығы төмен болғандықтан тоқтатылды	№ 8 31.08.2022
30.	С	2022	Тоқтатыла тұрды	
31.	А	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 8 31.08.2022
32.	А	2022	Маңыздылығы төмен болғандықтан тоқтатылды	№ 8 31.08.2022
33.	Б	2022	Ескерту	№ 8 31.08.2022
34.	Р	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 8 31.08.2022
35.	С	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 9 20.09.2022
36.	М	2022	Ескерту	№ 9 20.09.2022

37.	И	2022	Ескерту	№ 11 11.11.2022
38.	К	2022	Ескерту	№ 9 20.09.2022
39.	Д	2022	Ескерту	№ 9 20.09.2022
40.	М	2022	Ескерту	№ 9 20.09.2022
41.	Б	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 9 20.09.2022
42.	Г	2022	Ескерту	№ 9 20.09.2022
43.	И	2022	Маңыздылығы төмен болғандықтан тоқтатылды	№ 9 20.09.2022
44.	Ж	2022	Қатаң сөгіс	№ 9 20.09.2022
45.	И	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 10 17.10.2022
46.	Т	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 11 11.11.2022
47.	М	2022	Тоқтатыла тұрды	
48.	Ж	2022	Сөгіс	№ 10 17.10.2022
49.	К	2022	Қатаң сөгіс	№ 10 17.10.2022
50.	Д	2022	Ескерту	№ 10 17.10.2022
51.	Х	2022	Тоқтатыла тұрды	
52.	М	2022	Ескерту	№ 10 17.10.2022
53.	С	2022	Тоқтатыла тұрды	
54.	Н	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 10 17.10.2022
55.	Ш	2022	Ескерту	№ 11 11.11.2022
56.	А.	2022	-	
57.	Д	2022	-	
58.	Б	2022	-	

2022 жылы **32** нотариусты (оның ішінде А, Д, У, И, К, М, А, Т, А, Б, К, А, А, М, Т, Т, Х, Б, Ж, М, Т, Н, К, Е, Д, Т, А, Н, Б, А, М, К) тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы **32** өтініш (арыздар, шағымдар, тергеушілердің ұсынымдары, соттардың жеке ұйғарымдары, басқарманың өтініштері, РНП өтініштері) түсті.

2021 жылдан бастап **10** нотариусқа қатысты (оның ішінде К, З, С, К, Ш, Р, А, А, И, Ж) **8** өтініш қаралды.

Барлығы 2022 жыл бойынша - өтініштер (арыздар, шағымдар, тергеушілердің ұсынымдары, соттардың жеке ұйғарымдары, басқарманың өтініштері, РНП өтініштері) бойынша **42** тәртіптік іс қаралды және тәртіптік жазаға тартылды: ескерту түрінде - **11**, сөгіс түрінде - **2**, тәртіптік іс жүргізу тоқтатылды – **19**, нотариусты НП-дан шығаруға байланысты тоқтатылды - **1**, өтініш беруші кері қайтарып алды **2**, тәртіптік іс жүргізу тоқтатыла тұрды - **4**, шешім күшінде қалды - **1**, қарау сатысында - **2**.

№	Нотариус аты-жөні	Түскен жылы	Қолданылған шара	Хаттама нөмірі және күні
1.	Қ	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 4 06.05.2022
2.	З.	2021	Қайтарып алуға байланысты тоқтатылды	№ 1 08.02.2022

3.	С	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
4.	К	2021	Ескерту	№ 1 08.02.2022
5.	К	2021	01.10.2021 шешім күшінде қалды	№ 1 08.02.2022
6.	Ш	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
7.	Р	2021	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
8.	А	2021	Ескерту	№ 2 02.03.2022
9.	И	2021	Тоқтатылды	№ 4 06.05.2022
10.	Ж	2021	Тоқтатылды	№ 4 06.05.2022
11.	А	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 1 08.02.2022
12.	Д	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
13.	У	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
14.	И	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
15.	К	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
16.	М	2022	Сөгіс	№ 2 02.03.2022
17.	А	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
18.	Т	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
19.	А	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
20.	Б	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
21.	К	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
22.	А	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
23.	А	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
24.	М	2022	Сөгіс	№ 2 02.03.2022
25.	Т	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 2 02.03.2022
26.	Т	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
27.	Х	2022	Ескерту	№ 2 02.03.2022
28.	Б	2022	ТІЖ тоқтатылды	№ 3 30.03.2022
29.	Ж	2022	Тоқтатыла тұрды	
30.	М	2022	Тоқтатыла тұрды	
31.	Т	2022	Ескерту	№ 4 06.05.2022
32.	Н	2022	Нотариусты НІ-дан шығаруға байланысты тоқтатылды	
33.	К	2022	Тоқтатылды	№ 5 23.05.2022
34.	Е	2022	Тоқтатылды	№ 5 23.05.2022
35.	Д	2022	Тоқтатыла тұрды	

36.	Т	2022	Ескерту	№ 6 17.06.2022
37.	А	2022	Ескерту	№ 7 28.07.2022
38.	Н	2022	Ескерту	№ 8 31.08.2022
39.	Б	2022	Тоқтатыла тұрды	
40.	А	2022	Өтініш иесі қайтарып алды	
41.	М	2022	-	
42.	К	2022	-	

Барлығы тәртіптік істер қаралды - **100**, ескерту түрінде тәртіптік жауапкершілікке тартылды - **36**, сөгіс түрінде - **5**, қатаң сөгіс түрінде - **2**, тәртіптік іс жүргізу тоқтатылды - **32**, нотариустың лицензиядан айырылуына байланысты тоқтатылды - **1**, нотариустың НП шығарылуына байланысты тоқтатылды - **1**, жауапкершілікке тарту мерзімі өтуіне байланысты тоқтатылды - **1**, маңыздылығы төмен болуына байланысты тоқтатылды - **4**, тәртіптік іс жүргізу тоқтатыла тұрды - **10**, шешім күшінде қалды - **1**, өтініш беруші кері қайтарып алды - **2**, қаралуда - **5**.

Нотариустардың заңнама талаптарын сақтамауы, мәмілелерді куәландыру кезінде, атқарушылық жазба жасау кезінде құжаттардың заңсыз, сапасыз және тиісті емес түрде ресімделуі, дұрыс емес іс-әрекет, нотариустардың Әдеп кодексінің нормаларын, Нотариаттық палатаның Тәртіптік комиссиясы және шағымдарды қарау тәртібі туралы ереженің нормаларын бұзуы нотариустарды тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіздеме болды.

Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясы отырыстарының қорытындысы бойынша нәтижелер

Сонымен қатар, есепті кезеңде нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасауы кезінде заңнаманың бұзуы, сондай-ақ нотариаттық қызметті ұйымдастыруды бұзуы нотариустарды тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін негіздеме болды.

Тәртіптік комиссия қараған тәртіптік іс жүргізулерге байланысты мыналарды атап өтеді.

Нотариустар Салық кодексінің, нотариустың Әдеп кодексінің нормаларын сақтамайды.

Заңнамада төлем бойынша жеңілдік көзделген адамдарға нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарту жағдайлары кездеседі. Бірнеше рет бас тартуға тап болған бұл адамдар көбінесе агрессивті болады және нотариус бас тартпайды, бірақ өзінің түрімен өз наразылығын білдіретін нотариусқа дау-жанжал тудыруы мүмкін. Кім болсын іс-әрекет жасауға өтініш білдірсе, нотариус Әдеп кодексінің нормаларын сақтап, өтініш білдірген адамдар үшін қолайсыз жағдай туғызбауы керек, өйткені нотариустың Әдеп кодексінің 8.1-тармағына сәйкес нотариус өз міндеттерін адал, әділ және лайықты түрде атқарады, өз қызметі барысында кез келген жағдайда ұстамдылығы мен жеке адамгершілігін сақтай отыра, шыдамдылық, сыпайылық, әдептілік таныту арқылы адамдармен

қарым-қатынас мәдениетінің жоғары талаптары мен критерийлерін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, нотариустар тәртіптік комиссияның талаптарын құрметтемейді, істің түсіндірмелері мен материалдарын уақтылы ұсынбайды немесе мүлдем ұсынбайды.

Жоғарыда аталғандар нотариустардың заңнама талаптарын сақтамауы, мәмілелерді қуәландыру кезінде, атқарушылық жазба жасау кезінде құжаттардың заңсыз, сапасыз және тиісті емес түрде ресімделуі, дұрыс емес іс-әрекет, нотариустардың Әдеп кодексінің нормаларын, Нотариаттық палатаның Тәртіптік комиссиясы және шағымдарды қарау тәртібі туралы ереженің нормаларын бұзуы нотариустарды тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіздеме болды.

Заңның 11-бабының 2 және 3-тармағына сәйкес жекеше нотариус Нотариустың әдеп кодексін бірнеше рет бұзғанда, нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде Қазақстан Республикасының заңдарын бірнеше мәрте бұзғанда не мемлекеттің, жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіріп, заңдарды бұзғанда, сондай-ақ аталған баптың 6-тармағына сәйкес лицензияның күші үш мәрте тоқтатылғанда нотариусты лицензиядан айыру үшін негіздеме болып табылады. Осылайша, нотариустарға заңнаманың талаптарын сақтауы, біліктілігін арттыруы және нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде мұқият болуы ұсынылады.

РНП-ға Астана қаласының Нотариаттық палатасының тәртіптік комиссиясының шешімдеріне дау айту туралы

1. Нотариус А. Астана қаласының Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының Астана қаласының нотариусы А.-ны нотариустың іс-әрекеттерінде тәртіптік теріс қылық белгілерінің болуына байланысты Астана қаласының Нотариаттық палатасынан шығару туралы 11.11.2021 ж. шешімінің күшін жою туралы РНП-ға шағым берді.

28.01.2022 жылы РНП шешімімен - Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының 11.11.2021 ж. нотариус А. қатысты шешімінің күші жойылды.

Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулысымен – Қазақстан Республикасы Республикалық нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының 28.01.2022 ж. шешімі заңсыз деп танылды және күші жойылды.

2. Өтініш беруші Б. Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының нотариус К-ға қатысты оның әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) тәртіптік теріс қылық белгілерінің болмауы салдарынан тәртіптік іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы 01.10.2021 ж. шешіміне РНП-ға шағым берді.

06.12.2021 жылы РНП шешімімен іс Астана қаласының Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының жаңа қарауына жолданды, Астана қаласының Тәртіптік комиссиясына бірқатар іс-қимылдар жасауға міндеттеді.

08.02.2022 жылы Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік комиссиясының шешімімен-Астана қаласы Нотариаттық палатасының Тәртіптік

комиссиясының нотариус К.-ға қатысты 2021 жылғы 01 қазандағы шешімі күшінде қалды.

3. Нотариус М. Астана қаласының Есіл аудандық сотына Астана қаласының Нотариаттық палатасына, Республикалық нотариаттық палатаға шешімнің күшін жою туралы талап арыз берді.

Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2022 жылғы 01 маусымдағы № 7140-22-00-2/1148 шешімімен нотариус М.-ның **Астана қаласының Нотариаттық палатасына**, Республикалық нотариаттық палатаға шешімнің күшін жою туралы талабын қанағаттандырудан **бас тартылды**.

Сонымен қатар, нотариустардың білімін, заңды көмек көрсету сапасын көтеру мақсатында республикалық нотариаттық палата, аумақтық нотариаттық палата мерзімді түрде семинарлар өткізеді, әдістемелік ұсынымдар әзірлейді, ауызша және жазбаша консультациялар өткізеді.

**Астана қаласы Нотариаттық палатасының
Тәртіптік комиссиясы әзірледі**